



Минералды тыңайтқыштардың қиярдың өнімділігіне ықпалы

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазіргі таңда ауылшаруашылығына жаңа технологияларды пайдалана отырып дамытуға байланысты көптеген жұмыстар атқарылып жатыр.

Мәселен, көкөніс дақылдары адам ағзасындағы тағамдардың қорытылуына әсерін тигізіп, олардың сіңімді болуын жақсартады және зиянды заттарды бейтараптандырады, олардың ағзадан шығуын жеделдетеді, адамның қорғаныштығын жақсартып, әл ауқатын арттырады. Көкөністер адам ағзасына қажетті дәрумендердің негізгі көзі болып саналады. Олардың құрамында бағалы қоректік заттар (ақуыз, май, көмірсутектері) бар. Оларды басқа тағамдармен алмастыру мүмкін емес. Көкөніс дақылдарымен жыл бойы халықты қамтамасыз етуге бірден-бір себеп жабық танаптарды, яғни жылы жайларды көбейту, ауылшаруашылығы өнімдерін өндірудегі зерттеу жұмыстарындағы қияр дақылын суармалы егіншілікте минералды тыңайтқыштардың өнімділікке ықпалын жетілдіру маңызды шаралардың бірі.

Қияр құнарлы жерді өте қажет етеді, сондықтан оның өсіп, өнім беруіне органикалық және минералды тыңайтқыштар көп септігін тигізеді. Тыңайтқыштар жетіспеген жағдайда жақсы өнім күтуге болмайды. Қияр топырақта тұздың көптігін жақтырмайтындықтан, тыңайтқышты бірден көп беру оның өсу және дамуына зиян тигізуі мүмкін. Түркістан облысының топырақ-климаттық жағдайы көптеген ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге қолайлы болып келеді.

Зерттеу жүргізілген егіс алқаптарының нәтижелері, әрбір тәжірибе нұсқаларының 0-20 см тереңдіктен топырақ үлгілері алынып, құрамындағы қарашірік, азот, фосфор, калий қоректік заттары зертханалық әдіспен анықталды (кесте 1).

Кесте 1 - Егістік танаптағы топырақ құрамының химиялық элементтері

Зерттеу нұсқалары	Көрсеткіштер			
	қарашірік, %	N, мг/кг	P2O5, мг/кг	K2O, мг/кг
1. Өндірісте қалыптасқан технология-бақылау	1,20	54,6	15,6	310

Танап өсіп-жетілу кезеңінде үш рет үстеп қоректендіріледі: алғашқысы бүйір сабақтары пайда болғаннан кейін әр гектарға 150 кг аммиак селитрасы мен 100-110 кг суперфосфат; екіншісі - шанақтау немесе гүлдеу кезеңінде; үшіншісі екіншісінен 20-25 күн өткен соң, әр гектарға 1,5 центнер аммиак селитрасымен үстеп қоректендіріледі (кесте 2).

№	Тәжірибе нұсқасы	Тәжірибе жылдары		
		2018	2019	2020
1	Бақылау (тыңайтқышсыз)	161,0	164,2	162,0
2	N60 P30	185,0	184,5	185,0
3	N90 P45	215,0	220,0	217,5
4	N120 P60	345,0	340,0	343,0
5	N150 P75	350,0	351,5	351,8

Кесте 2 - Минералды тыңайтқыштардың өнімділікке ықпалы, орташа ц/га

2-кестеде жүргізілген жұмыстардың нәтижелері минералды тыңайтқыштардың қияр өнімділігіне ықпалы көрсетілген. Тәжірибе жүргізілген 2018 жылы ең жоғарғы өнімділік 5 нұсқасы N 150 P75 кг/га енгізілгенде 350,7 ц/га алынды. Ал басқа 2019-2020 жылдары да жоғарғы өнімділік 5 нұсқада болғанымен 4 нұсқадағы өнімділік көрсеткіші деңгейлік қалыптасты. Үш жылдық орташа өнімділік 4,5 нұсқаларда сәйкесінше 350,0-351,8 ц/га болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан агроғылымының жаңалықтары. Кәсіпкерлерге құлаққағыс 2009-672-73;
2. Өтешқалиев Ө., Көкөніс өндіру технологиясы Алматы. Білім 2008-1256;
3. Щепетков Н., Ысқақов М. «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» Алматы, 2011-4956.

Авторлары:

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушы Абишева Г.С. оқытушы Айтбаева А.С. оқытушы Избаева Б.М.